

Ж.А. ЖҰМАБАЕВА, Ж.Е.ЖҰМАШ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)  
zhazira.zhumabayeva1992@gmail.com , zhanar83@bk.ru

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ТИІМДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

*Аңдатпа*

Мақалада жоғары оқу орнында тиімді оқытуды ұйымдастырудың жолдары қарастырылды. Білім беруде оқытудың күрделі үдеріс екендігін оқытушылар құрамы жақсы біледі. Сол оқытушылардың арасында өз оқу курсына жақсы меңгергендері өте көп. Алайда, білгенін білім алушыларға жеткізе алу күрделі үдеріс. Сондықтан бұл мақала тиімді оқытуды ұйымдастыру туралы теориялық еңбектерге шолу жасап, оны жүзеге асырудың жолдарын анықтау мақсатын көздейді. Тиімді оқытуды ұйымдастырудың өте тиімді жолы – білім алушыға бағытталған оқыту. Оны жүзеге асырудың тәсілдерін айқындау үшін жоғары оқу орнында қызмет атқаратын, теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып жүрген оқытушылар құрамынан сауалнама алынды. Сауалнама аясында тиімді оқытуда ұйымдастыруда басты назарға алу керек факторлар, кездесетін қиындықтар, қолданылатын тәсілдер, тапсырмалар түрлері талқыланды.

*Түйін сөздер:* бастауыш білім педагогі, оқу үдерісі, тиімді оқыту, ұйымдастыру жолы, педагогикалық фактор, білім алушыға бағытталған оқыту, қарым-қатынас моделі.

Ж.А.ЖУМАБАЕВА, Ж.Е.ЖУМАШ

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

## СПОСОБЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЭФФЕКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

*Аннотация*

В статье рассмотрены пути организации эффективного обучения в вузе. Преподавательский состав хорошо знает, что обучение в образовании это сложный процесс. Среди этих преподавателей очень много тех, кто хорошо освоил свой курс обучения. Однако донести до обучающихся то что знаешь сложно. Поэтому в данной статье предлагается обзор теоретических работ по организации эффективного обучения и определение путей его реализации. Очень эффективный способ организации эффективного обучения это организация обучения ориентированного на учащихся. Для определения способов ее реализации был проведен опрос преподавателей, работающих в вузе, сочетающих теоретические знания с опытом. В рамках анкетирования были обсуждены факторы, которые необходимо учитывать при организации эффективного обучения, возникающие трудности, используемые подходы, виды заданий.

*Ключевые слова:* педагог начального образования, учебный процесс, эффективное обучение, пути организации, педагогический фактор, обучение ориентированное на обучающегося, модель общения.

ZH.A.ZHUMABAYEVA, ZH.E.ZHUMASH

Kazakh National Pedagogical University named after Abai

## WAYS TO ORGANIZE EFFECTIVE TRAINING IN A HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTION

*Abstract*

The article considers the ways of organizing effective education at the university. The teaching staff is well aware that learning in education is a complex process. Among these teachers there are a lot of those who have mastered their course of study well. However, it is difficult to convey to students what you know. Therefore, this article offers an overview of theoretical works on the organization of effective training and the definition of ways to implement it. A very effective way to organize effective learning is to organize student-centered learning.

To determine the ways of its implementation, a survey was conducted of teachers working at the university, combining theoretical knowledge with experience. Within the framework of the questionnaire, the factors that need to be taken into account when organizing effective training, difficulties encountered, approaches used, types of tasks were discussed.

*Keywords:* primary education teacher, educational process, effective learning, ways of organization, pedagogical factor, student-centered learning, communication model.

**Кіріспе.** Жоғары оқу орындарында студенттерді оқытудың табыстылығына көптеген факторлар әсер етеді. Олар: студенттің материалдық, денсаулық, отбасылық жағдайы, жасы, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық деңгейі, өзін-өзі ұйымдастыру, жоспарлау және бақылау дағдыларын меңгеру, оқу түрі (күндізгі, қашықтықтан және т.б.), оқу ақысы және оның мөлшері, ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастыру, ЖОО-ның материалдық базасы, оқытушылар мен қызмет көрсету персоналының біліктілік деңгейі, университеттің беделі және соңында студенттердің жеке психологиялық ерекшеліктері [1]. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ереже бекітілген еді. Жаңашылдық педагог кадрларды даярлау сапасын күшейтуге бағытталған. Біліктілік тестілеу болашақ маманның пәндік білім деңгейін және оқу пәнін, оқыту әдістемесін меңгеруін анықтауға мүмкіндік береді.

ЖОО болашақ маманды даярлау мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеулеріне арқау болды. Атап айтсақ, пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау С.Р.Фейзулдаева [3], инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға болашақ бастауыш маманын даярлау М.Н.Оспанбекова [4], метақұзыреттілігін дамыту К.Б.Жанадилова [5], болашақ мамандарды бастауыш сынып

оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау Ұ.Б.Ахатаева [6], болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру Н.З.Кожамкулова [7], болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау Ж.Ш. Жияшева [8], болашақ педагогтарды бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалауға кәсіби даярлау Р.О.Кенжетаева [9] және т.б.

Тайм-менеджмент технологиясы негізінде студенттердің оқу әрекетін өзін-өзі ұйымдастыру мәселесі Е.Н.Агранович [10], студенттердің кәсіби іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру Ш. Б.Оразов [11] және т.б. еңбектерінде зерттеледі.

Алайда зерттеулерге шолу жасау барысында болашақ бастауыш білім педагогінің біліктілік деңгейін дамыту бойынша зерттеулердің жүргізілгендігін, бірақ та ЖОО тиімді оқытуды ұйымдастыру мәселесі бойынша толыққанды зерттеулердің аздығы осы мәселе төңірегінде зерттеу жүргізуімізге түрткі болды.

*Зерттеу мақсаты* – жоғары оқу орнында тиімді оқытуды ұйымдастыру жолдарын айқындау. Бұл мақалада тиімді оқытуды ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары, факторларға қысқаша кіріспе жасалып, оқытудың тиімділігін арттыруға арналған қадамдар ұсынылады.

**Негізгі бөлім.** Зерттеу мәселесіне шолуды әзірлеуде мынадай сұрақтар жауап іздейміз: *Білім алушыға бағдарланған оқу дегеніміз не? Тиімді оқыту деген не? Тиімді оқытуды ұйымдастыру не үшін қажет? Тиімді оқытуды ұйымдастырудың қандай жолдары бар?*

А.С.Коэнмиллер, М.Мерилл, Д.Шаматовтың «Тиімді оқыту стратегиялары: қысқаша шолу» зерттеуінде «Америкалық және

еуропалық аккредиттеу агенттіктері бақылау кезінде жоғары оқу орындарынан білім алушылардың оқу нәтижелеріне жеткендігін талап етеді» деген аргументті ұсынады. Яғни, «оқу орнына түскен білім алушылар санымен салыстырғанда, қаншасы оқу бітірді; қаншасы өз саласында жұмыс тапты; қаншасы одан да жоғары дәреже алып жатыр және т.б. Бірақ бұл білім алушылардың не оқып, үйренгендігін дәлелдемейді» деп тұжырымдайды [12, 32 б.]. Сондықтан да оқыту нәтижесіне бағдарланған оқыту өзектілігін арттырмаса, жойған емес.

Білім алушыға бағдарланған оқу Саблоньер бойынша «мұғалімдердің дәстүрлі сыныпта қолданатын тәсілдерінен айтарлықтай ерекшеленетін әдістердің, қарым-қатынас және тәртіптердің қолданысы» [13, 3 б.], Силова «оқушыға бағдарланған тәсіл оқу материалын құру есте сақтау мен жаттаудан әлдеқайда жақсы» деп ойлайды [14, 102 б.]. Гонсалес «мұғалім қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді, оқушылардың білімқұмарлығын арттыруға, сыныптастарымен зияткерлік пікір алмасуларға қатысуына мүмкіндік бере отырып, талқылау сапасын арттырады және маңызды ақпаратты өз бетінше табуға ынталандырады» деп ой қорытады [15, 47 б.]. Яғни, бағдарланған оқыту аясында басты назар білім алушыға аударылады.

**Әдеби шолу.** «Тиімді оқыту» термині педагогикалық сөздікте «нақты қол жеткізілген нәтижелердің білім беру бағдарламасының мәлімделген мақсаттарымен сәйкес келу шарасы» деп түсіндіріледі [16, 82 б.]. Америкалық ғалымдар Грант Уиггинс және Джей Мактиг «Понимание посредством дизайна» еңбегінде «біз білетін нәрсені алу және оны шығармашылық, икемді, еркін, әртүрлі жағдайларда немесе мәселелерде өз бетінше пайдалану мүмкіндігі» деп тұжырымдалады [17, 5 б.]. Австралиялық ғалымдар Джон Биггс және Кэтрин Тан «жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін ең ықтимал оқу әрекеттерін пайдалануға ынталандыру» деп түсіндіреді [18, 63 б.]. Яғни, зерттеулерді талдай келе, тиімді оқыту нақты қол жеткізілген

нәтижелердің білім беру бағдарламасының мәлімделген мақсаттарымен сәйкес келу шарасы деген тұжырымға келеміз.

*Тиімді оқытуды ұйымдастыру не үшін қажет?*

Крис Уоткинс «Тиімді оқыту» еңбегінде білім алушыларға болашақ маман ретінде шеберлікке жетуге мүмкіндік беретін мағыналы, бағытталған оқу тәжірибесі, терең білім алу мүмкіндіктері қажет [19, 206 б.]. Жас кезінде оқыту ең тиімді және маңызды болып табылады. Адамдар білгендерін нақты өмірімен байланыстыра алады деп ой қозғайды.

Білім алушыға бағдарланған оқыту тұжырымына елеулі үлес қосқан ғалым Пайло Фрейре өзінің «Езілгендер педагогикасы» атты еңбегінде білім берудің «банкінг» моделі туралы сөз қозғайды. Онда «білім беру үдерісіндегі оқушыны – депозитарий, мұғалімді – салымшы, білім беруді депозитке салу әрекетіне теңейді» [20, 78 б.]. Фрейре бұл тұжырымдама арқылы оқушылардың тек ақпаратты қабылдап, мұғалімнің басты білім көзі екендігі, бұны оқытудың «дәстүрлі» әдісімен байланыстырады. Ал, Саблоньер еңбегінде «дәстүрлі» әдісті «мұғалімге бағдарланған» оқытумен тікелей байланыстыра отырып, оқыту тәсілдері дәріс, семинар, емтихан секілді дәстүрлі әдістердің қолданылатындығы туралы ақпарат береді [13, 45 б.]. Мұғалім дәріс кезінде материалды құрылымдап білім алушыға ұсынады. Ал, білім алушы қағазға қажетті жазбаларды жасап алады. Яғни, бүгінгі ЖОО дәріс, семинарларда егер мұғалім білімді оқыту субъектісіне дайын күйінде беріп отырса, сонда тиімді оқыту тіпті жүзеге асырылмайды дегенді білдіреді.

Килленнің еңбегінде «мұғалімге бағдарланған» тәсілде мұғалім мен білім алушы арасында өзара әрекеттесудің аздығы, аудиториядағы белсенділіктің жоқтығы, білім алушылардың «үстірт білім алу» қағидасы жүзеге асырылатындығы баяндалады [21, 63 б.].

Бірақ та бүгінгі күні үстірт оқудың білім-түсінік деңгейінен талдау, жинақтау, қолдану, бағалау деңгейіне жеткізудің түрлі тәсілдері бар.

Америкалық ғалымдар Грант Уиггинс және Джей Мактиг «Понимание посредством дизайна» еңбегінде мектептер нақты әлемде рефлексивті және тәуелсіз білім беру тәжірибесін дамытатын тәжірибе ұсынуы керектігін алдыға тартады [17, 23 б.]. Ол дегеніміз өздігінен ойлана білу қабілетін (жоғары деңгейлі) дамытуға бағытталған оқушыға бағдарланған тәсілдердің оқу үдерісінде пайдала отырып, тиімді оқуды ұйымдастыру деп тұжырымдаймыз. Тиімді оқытуда мұғалім сыныпта тек қажетті ресурстарды ұсынып, қамтамасыз етеді. Оқушылардың бір-бірімен (жұпта, топта) пікір алмасуларына, мәселені шешуге қажетті ақпаратты өздігінен табуға ынталандырады. Оқу мен оқыту үдерісін белсенді қатысушылары болады.

*Тиімді оқытуды ұйымдастырудың қандай жолдары бар?*

Шуэлл зерттеулерінде оқушылар қажетті нәтижелерді жеткілікті тиімді түрде алғысы келсе, онда мұғалімнің негізгі міндеті-оқушыларды оқу іс-шараларына қатысуға мәжбүрлеу, олардың осы нәтижелерге қол жеткізуіне әкеледі. Яғни, мұғалімдер оқушылардың қандай нәтижелерге қол жеткізуі керек екеніне назар аударып, оларға көмектесуі керек деп ой қорытқан [22, 54 б.].

Крис Уоткинс «Тиімді оқыту» еңбегінде тиімді оқытуды мүмкін етуші тәсілдерді ұсынады. Олар: *рефлексия қызметі, оқытудағы ынтымақтастық, білім алушының оқу жауапкершілігі, оқу туралы білімді зерттеу* [19, 117 б.].

Рефлексиясыз белсенділікпен айналысу жеткіліксіз: оқу әлеуеті жоғалады. Алайда, зерттеу сияқты іс-шаралар, топтық жұмыс, практикалық сабақтар және сыныптағы пікірталастар оқытуды ілгерілету үшін екі есе тиімді.

Білім алушылар ынтымақтастықта бірлескен өнім әзірлеу кезінде өздерінде жоғары деңгейлі дағдыларды, тұлғааралық және басқару дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, ынтымақтастық мен топтық зерттеу әдістері жақсы академиялық нәтижелер береді. Қарым-қатынас дағдылары мен позитивті қатынастар жақсартады, ал мұғалімнің

рөлі жоғары деңгейдегі мәселелерге көбірек қызығушылық танытады және күнделікті міндеттерден босатылады.

ЖОО оқыту инновациялық тұрғыдан қарастырылуы қажет. Дегенмен де, оқыту үдерісіне жаңа оқыту технологияларын енгізу көп жағдайда тиімді оқыту нәтижелерін бермейді. Егер мұғалім білім алушылардың шынайы қажеттіліктері мен қызығушылықтарын негізге алып, оқу бағдарламасына терең ойлана отырып жаңа әдістерді және құралдарды кіріктіргенде ғана оқытудың тереңдігі (тиімді оқу) жүзеге асады.

«Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық агенттігі кәсіби дайындықты жоспарлау жөніндегі нұсқаулығында» тиімді оқытуды жоспарлауды төртке бөліп көрсетеді. Олар: қажеттілікті және оқу мақсатын анықтау, оқу жоспарын, оқу курсының дизайнын, оқу материалдарын құрастыру [23, 42 б.]. Бұл дегеніміз, тиімді оқытуды ұйымдастыру сонау оқу курсының мазмұнын қарастыру кезеңінде ойластырылуы керек.

Виггинс және Мак Тай «Кері дизайн» тұжырымдамасында тиімді оқытуды ұйымдастыруда ең алдымен күтілетін нәтижеге баса назар аударуды сұрайды [24, 76 б.]. Содан соң, оқушы күтілетін нәтижеге жеткендігінде оған қандай көрсеткіштердің дәлел бола алатындығы маңызды дейді. Нәтижелерге жету үшін, қандай оқу әрекеттері оқушының бойындағы дағдыларды жетілдіруді мүмкін етеді? Міне, осы сұрақтың шешімін дұрыс анықтаған кезде, тиімді оқытуды ұйымдастыру жүзеге асады екен.

**Әдістер.** «Тиімді оқытуға» қатысты еңбектерді негізге ала отырып, зерттеу тақырыбы аясында жоғары оқу орындары оқытушыларының тиімді оқытуға деген қатынасын және оны ұйымдастырудың жолдарын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Сауалнама «Бастауыш білім беру» саласында қызмет атқаратын оқытушылар құрамымен жүргізілді. Сауалнамаға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінен әр түрлі педагогикалық



еңбек өтілі бар 30 оқытушы қатысты. Сауалнама 10 сұрақтан құралды.

Сауалнамада төмендегідей сұрақтар берілді:

1. Пәніңіз бойынша тиімді оқытуды ұйымдастыруда қандай оқыту факторларын басты назарға аласыз?

2. Өз тәжірибеңізде тиімді оқытуды ұйымдастыруда қандай оқыту әдістерін қолданасыз?

3. Сіз үшін «білім алушыға бағдарланған оқыту» ұғымымен байланысты 7-8 тірек сөздерді жазыңыз.

4. Сіз үшін білім алушыға бағытталған оқыту .....

5. Білім алушыға бағдарланған оқытуды тиімді ұйымдастыруда қандай қиыншылықтар себеп болады? 2-3 қиыншылықты атап өтіңіз.

6. Сабақтарда білім алушыға бағдарланған оқытуды қолдану жиілігіңізді 10 баллдық шкаламен бағалаңыз?

-Жоба, пікірталас, диалог, баяндамалар, жазбаша жұмыстар, презентациялар, өзіндік жұмыс, өз пікірін білдіру, кері байланыс, үй жұмысын тексеру, миға шабуыл, сұхбат.

7. Білім алушыға бағдарланған оқытуда қандай тапсырмаларды қолданасыз?

8. Сіздің ұйымдастыратын оқыту үдерісіне сәйкес келетін моделді таңдаңыз.

- «Сократ» моделі (Мен сабақтарда мәселе жайында пікір алмасып, талқылағанды ұнатамын. Мен студенттерден ойлануды, ойлауды, оң және қарсы дәлелдер табуды, жеке ұстанымдарын қорғауды сұраймын);

- «топтық пікірталас жетекшісі» моделі (Маған студенттермен демократиялық қарым-қатынас тән. Мен үшін ең бастысы – пікірталастың нәтижесі емес, студенттер арасында келісімге қол жеткізу және ынтымақтастық орнату. Мен өзіме делдал (посредник) рөлін беремін.);

- «менеджер» моделі (Мен студенттердің бастамашылдығын, белсенділігін, іс-әрекетін жоғары бағалаймын. Мен әрбір шешілетін мәселені талқылауға, сапалы бақылауға және түпкілікті нәтижені бағалауға тырысамын);

- «шебер» моделі (Мен студенттерім үшін

үлгімін. Студенттерім менің қарым-қатынас тәсілімді көшіреді. Менімен таң қалады);

- «генерал» моделі (Мен талапшыл оқытушымын. Сабақта тәртіп пен нақты ұйымдасқан әрекетті жақсы көремін. Студенттер оқытушыға мойынсұнып, оның тапсырмаларын орындауы керек деп санаймын);

- «тренер» моделі (Менің студенттерім бір команданың ойыншылары. Мен ұжымдық қарым-қатынас стилін жақтаймын. Мен үшін дербестік емес, студенттердің бірге жасай алатын нәрсе маңызды. Ең бастысы - түпкі нәтиже, тамаша жетістік, жеңіс);

- «гид» моделі (Мені «энциклопедия» деп атауға болады. Мен әдепті және ұстамды оқытушымын. Мен әрдайым студенттердің барлық сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап беремін.)

**Нәтижелер және талдау.** 1-сұрақ бойынша респонденттердің берген жауаптарының нәтижесінде оқу жұмысына барлық білім алушылардың позитивті эмоционалдық көзқарасы, олардың қызығушылықтары, олардың сабаққа толыққанды қатысуы үшін сол оқу курсы бойынша білім, білік, дағдылар көлемінің болуы, оқу курсы бойынша әдістемелік оқу материалдарының (қосымша материалдар, тапсырмалар көшірмелері) бар болуы және т.б аталып өтіледі.

2-сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі кейс-стади, рөлдік ойындар, топтық жұмыс, рефлексия, миға шабуыл, білім алушыға бағытталған оқыту әдістерін көрсетеді.

3-сұрақты не себепті «Сіз үшін «білім алушыға бағдарланған оқыту» ұғымымен байланысты 7-8 тірек сөздерді жазыңыз» деп құрастырдық? Оқытушы білім алушыға бағытталған оқытуды анықтауда қандай құндылықтар бойынша жұмыс істейтінін, қандай ұғымдармен бетпе-бет келетінін түсіну.

«Білім алушыға бағытталған оқыту» ұғымын түсінудің бағдарлары ретінде қарастыруға болатын ең көп таралған жауаптар: даралық, тұлға, мотивация, даму, қызығушылық, ерекшеліктер, қабілеттер, айырмашылықтар, назар, дербестік. Әрине,

білім алушыға бағытталған оқытудың басында оқушының даралығы мен тұлғасы, студенттің бүкіл білім беру үдерісінің басты белсенді қайраткері ретінде танылуы тұр деп айтуға болады. Бір қызығы, мотивация үшінші орынды иеленді. Респонденттердің пікірінше, жеке тұлғаға бағытталған оқытудың өзі мотивацияның шарты, оқу үдерісінің жетістігі болып табылады. *Даму* сөзін респонденттер жанама түрде контекстсіз қолданды. Студенттің жеке тұлға және болашақ маман ретінде жалпы дамуы, сондай-ақ оның өзін-өзі дамытуы болжанған деп қарауға болады. Қызығушылық сөзі екі мағынаға ие. Бір жағынан, студенттердің оқыту үдерісі олар үшін құнды және тартымды ретінде мотивациялық қатынасы және мұғалімнің бұл қызығушылықты үнемі сақтау қажеттілігі туралы айтып отырмыз. Екінші жағынан, студенттердің өз мүдделерін білдіру және сабақтарда жеке міндеттерге қол жеткізу қабілеті. Респонденттер сонымен қатар бірнеше мағынада артықшылық сөзін қолданды. Контекстсіз дербес, сонымен қатар оқушының психотипіне, мінезіне, темпераментіне, оқу материалын игерулеріне сілтеме жасай отырып, оның ерекшеліктері туралы жазды. Сонымен қатар, артықшылық жеке көзқарас негізінде сабақты ұйымдастыру шарттары аясында естіледі. Мысалы, әдістеменің, шарттардың артықшылықтары. *Қабілеттерді* мағынасы жағынан артықшылықтарға жақындатуымызға болады. Өйткені білім алушылардың қабілеттері қарастырылды. Олар: шоғырлану, зейін, оқу, қабылдау қабілеті. *Дербестік* білім алушыға бағытталған оқыту негізіндегі сабақтың мақсаты, шарты ретінде қарастырылады. Аудиториялық сабақты сәтті ұйымдастыру, білім алушының өзін-өзі дамытуы *назарға* тікелей байланысты.

Біз үшін респонденттердің сирек жауаптары да үлкен қызығушылық тудырады, олардың ішінде мыналарды атап өтуге болады. Мысалы: шығармашылық, жаңалық, ләззат, сенім, ізгілендіру, білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімделу, сабақты ұйымдастырудың қиындығы.

Берілген жауаптар көп нәрсені ойлауды мәжбүр етеді. Білім алушыға бағытталған оқытуды жаңа нәрсе ретінде анықтау немесе оны шығармашылық оқыту ретінде бағалау ерекше назар аударады. Мұнда білім алушыға бағытталған оқыту белгілі бір дәрежеде дәстүрлі оқытуға қайшы келеді. Ал дәстүрлі оқыту дегеніміз не? Білім алушыға бағытталған оқыту дәстүрлі емес пе? Мұнда пікірлер екіге бөлінеді. Кейбір респонденттер үшін білім алушыға бағытталған оқыту дәстүрге әлдеқашан енген және тіпті дәстүрліге ешқашан қарсы болған емес. Осылайша білім алушыға бағытталған оқытуда олардың қажеттіліктеріне жауап беретін неғұрлым жетілдірілген оқыту құралдарын пайдалану, оқу үдерісін инновациялық тұрғыдан жүзеге асыру мүмкіндігін көруімізге болады.

4-сұраққа респонденттердің жауабы төмендегідей болды:

- білім алушылардың жеке (жеке) ерекшеліктерін ескере отырып оқыту және сабақта қолайлы оқу атмосферасын құру;
- білім алушылардың болашақ кәсіби қызметіне және қажетті құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған оқыту;
- білім алушылардың оқу үдерісіне оның белсенді және тікелей қатысушысы ретінде қатысатын, оның өзін-өзі тануына ықпал ететін оқыту;
- өзін-өзі тануды, студенттің жеке басын білдіруді жүзеге асыруға бағытталған оқыту;
- оның қайталанбас даралығын дамыту;
- өзінің «Менін» табу;
- жоғарыдағылардың барлығы.

Респонденттердің жартысына жуығы үшін жоғарыда аталғандардың барлығы білім алушыға бағытталған оқыту (43%) ұғымына сәйкес келді. Оның жауабы ретінде бұл *білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қолайлы оқу атмосферасын құруға бағытталған оқыту* деген анықтама қосымша ұсынылды. Ал, бір респондент студенттің өзін-өзі тануына және өзін-өзі көрсетуге бағытталған оқытуды жоққа шығарып, барлық нұсқалармен келісті. Респонденттердің аз бөлігі (17%) бұл нұсқаға басымдық берді. Өкінішке орай,

респонденттердің тек 20%-ы оқытуды білім алушылардың болашақ кәсіби қызметіне бағыттау қажеттілігін түсінеді.

«Білім алушыға бағдарланған оқытуды тиімді ұйымдастыруға қандай қиыншылықтар себеп болады? 2-3 қиыншылықты атап өтіңіз» мазмұндағы 5-сұрақ бойынша берілген жауаптар негізінде 7 негізгі қиындықтарды белгілеуімізге тура келді (1-сурет).

1. Білім алушылардың психологиялық және мінез-құлық ерекшеліктері. Атап айтқанда: студенттердің ашылуға, шығармашалықты талап ететін жұмысты орындауға дайын еместігі, олардың ұялшақтығы, бастаманың болмауы, шаблондар бойынша жұмыс істеу әдеті, өзінің даралығын көрсетуден қорқу, инерттілік, стереотиптік ойлау, ақпаратты талдай және өңдей алмау, топта жұмыс істей алмауы. Оқытушылардың көпшілігі білім алушылардың кейбіреулері табиғатынан үнсіз, кейбірі немқұрайлықпен қарайтындардың қатарынан деп көрсетеді. Білім алушылардың кейбірі өзіндік ойын білдіруге ұялады, пікірталасқа белсенді қатыспайды, білім алушыға бағдарланған оқытуға қатыстыру өте қиын деп пікір білдіреді. Сонымен қатар, оқытушылар білім алушылар біз бұрын айтқан үлгі бойынша,

дәстүр бойынша оқуды қалайтынын мойындайды. Кейде білім алушылардың дәстүрлі емес (олар үшін жаңа) тәсілдермен жұмыс жасауы мүмкін.

2. Білім алушылардың пәнге деген мотивациясының төмендігі/жоқтығы, немқұрайлығы. Болашақта өзіне керекті кәсіби білім мен тәжірибе үшін емес, тек жақсы баға алу мақсатында баламалы мотивациясының болуы байқалады.


3. Жаңа дидактикалық әзірлемелердің аздығы, ескі әдістемелік материалдардың қолданылуы, жаңа оқу қызметінің тәсілдері мен формаларына қолжетімділіктің болмауы.

4. Оқытушының уақыт шығындары. Сабаққа дайындықтың күрделілігі және уақыттың жетіспеушілігі. Әр білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, сабаққа дайындық көпшіліктің пікірінше, айтарлықтай уақытты қажет етеді.

5. Үлкен оқу топтарымен жұмысты ұйымдастыру кезінде білім алушыға бағытталған оқытуды ұйымдастырудың қиындығы.

6. Білім алушыға бағытталған оқытуды ұйымдастыру үшін оқу орнында техникалық базаның аздығы.


7. Тұлғааралық қатынастардың күрделілігі. Білім алушылар аудиторияда оқытушымен кері байланыс орнатқысы келмейді.



1-сурет. Аудиториялық сабақтарда білім алушыға бағытталған оқытуды жүзеге асыру кезінде кездесетін қиындықтар (оқытушылар көзімен)

Тек 1 оқытушы 30 респонденттер арасынан ешқандай қиындықтармен кездеспегенін айтып өткен.

6-сұрақ бойынша респонденттер оқыту стратегияларын қолдану жиілігін 10-баллдық шкаламен көрсетеді. Нәтижені төмендегі 2-суреттен көре аламыз.



2-сурет. Сабақтарда білім алушыға бағдарланған оқытудың қолдану жиілігі

7-сұрақ бойынша респонденттердің көпшілігі жоба тәсілін қолданатындығын атап өтті. Жобаларды дайындау білім алушылардан үлкен дербес дайындықты талап етеді. Әрине, білім алушылардың жеке қызығушылығын ескеруі керек.

Білім алушының өз бетінше жұмыс істеуі үшін оның ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті және ұйымдастырушылықтың жеткілікті деңгейі қажет. Екінші орында тікелей аудиториялық сабақта жүзеге асырылатын топтық пікірталастар тұр. Оқытушылар білім алушыларға пікірталас сұрақтарын ұсынады (кәсіби маңызды тақырыптар бойынша) және оларды дөңгелек үстел түрінде талқылауға береді. Үшінші орында баяндамалар иеленді. Жазбаша жұмыстардың арасында респонденттер эссені, эссе-пайымдау, мақала жазуды көрсетеді. Баяндамалар мен жобалармен салыстырғанда презентациялардың аз көрсетілуі аудиторияның техникалық жабдыққа қол жетімділіктің болмауымен түсіндіре аламыз.

Сауалнаманың 8-сұрағына сәйкес респонденттер өздерінің білім алушылармен қарым-

қатынасын сипаттауы қажет болатын. Білім беру үдерісінде мұғалімнің әдістемесіне білім алушылардың бейімделуін жиі байқаймыз. Білім алушыға бағытталған оқытуды жүзеге асыру мүмкіндігі, біздің ойымызша, оқытушының жеке көзқарастарымен тікелей байланысты. Бізге оқытушының кәсіби ұс-таным типологиясын ұсынған М.Таленнің моделін өз сауалнамamızда қолдандық. Біздің респонденттеріміз көбінесе тандаған моделдері: «Сократ» – 29%, «топтық пікір-талас жетекшісі» моделі – 26%, «менеджер» моделі – 34%.

Нәтижелер бізге аудиториялық сабақта білім алушыға бағытталған оқытуды жүзеге асырудың барлық қиындықтарына қарамастан, оқытушы студенттің жеке басын барынша ашуға, оны болашақ маман ретінде дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық қарым-қатынас стилін таңдайтынын анық көрсетеді. Осы модельдерде көрсетілген оқытушылардың ұстанымы қазірдің өзінде білім алушыға бағытталған оқытуды сәтті жүзеге асырудың мотивациялық негізі болып табылады.



Ешбір оқытушы «шебер», «генерал», «тренер», «гид» модельдерін таңдамады. Өйткені бұл стильдер білім алушыға бағытталған оқытуды ұйымдастыруды қиындатады.

**Қорытынды.** Қорыта келе, ЖОО тиімді оқытуды ұйымдастыру келген пән оқытушысы және білім алушылар үшін мол мүмкіндіктер ашады. Бұл мақалада жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде білім алушылардың білім, білік деңгейін дамытуға арналған тиімді оқыту стратегиялары қарастырылды. Атап өтер болсақ, біз білім алушылардың оқу нәтижелерін дамыту үшін білім алушыға бағытталған оқытуды жүзеге

асыру идеясын, яғни білім алушының оқудың негізінде нені үйренгенін қалайтыныңызды анықтауды және түрлі оқыту стильдері идеясын көрсеттік. Ұсынылған талдаулар мен мысалдарда білім алушыға бағдарланған тиімді оқыту стратегияларына шолу жасалды.

Жүргізілген зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Постдокторлық бағдарламасының қаржыландыруымен жүргізілген «Болашақ бастауыш білім педагогтерінің оқу сапасын арттырудың инновациялық аспектілері» жобасының аясында орындалды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Арсентьева М. В. Психологические факторы успешного обучения студентов в вузе // Известия ТулГУ. Технические науки. 2017. №11-2.
- [2] «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ереже. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы.
- [3] Фейзулдаева С.Р. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау. Филос. докт (PhD) дис. – Талдықорған, 2019. -163 б.
- [4] Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау. Филос. докт (PhD) дис. – Алматы, 2018. -192 б.
- [5] Жанадилова К.Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту. Филос. докт (PhD) дис. – Алматы, 2022. -169 б.
- [6] Ахатаева Ұ.Б. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік ісәрекетін дамытуға даярлау. Филос. докт (PhD) дис. – Алматы, 2021. -173 б.
- [7] Кожамкулова Н.С. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ІТ арқылы интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру. Филос. докт (PhD) дис. – Алматы, 2021. -166 б.
- [8] Жияшева Ж.Ш. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалауға даярлау. Филос. докт (PhD) дис. – Алматы, 2021. -165 б.
- [9] Кенжетева Р.О. Профессиональная подготовка будущих педагогов к критериальному оцениванию учебных достижений учащихся начальных классов. Филос. докт (PhD) дис. – Алматы, 2021. -164 б.
- [10] Агранович Е.Н. Самоорганизация учебной деятельности студентов на основе технологии «тайм-менеджмент». Филос. докт (PhD) дис. – Алматы, 2020. -212 б.
- [11] Оразов Ш.Б. Развитие деловых качеств учащихся на уроках физической культуры. - Международная научно-практическая конференция ..., 2018
- [12] Коэнмиллер А.С., Мерилл М., Шаматов Д. Тиімді оқыту стратегиялары: қысқаша шолу. Педагогикалық диалог журналы. №1.(23). - Астана. 2018.
- [13] Де ла Саблонньер, Тейлор Р., Садикова Д.М., Проблемы применения обучения, ориентированного на учащихся, в контексте системы образования Кыргызстана. International Journal of Educational Development. 2019. (өтінім берілген күні: 12 қаңтар 2023 жыл).
- [14] Silova I. Globalization on the Margins Education and Postsocialist. 2011.
- [15] Гонсалес Н. Оқытуға арналған материалдар қоры: Үй мен сынып бөлмелерін байланыстыру үшін сапалық тәсілді қолдану. Тәжірибе жүзіндегі теория, 2014. №31(1), 132–141.
- [16] URL: [https://professional\\_education.academic.ru/](https://professional_education.academic.ru/) (өтінім берілген күні: 12 қаңтар 2023 жыл).
- [17] Боуэн, Райан С. Понимание с помощью дизайна. Центр обучения Университета Вандербильта. Получено 2 февраля 2020 г.
- [18] Биггс Дж., Тан К. «Университетте сапалы білім алу үшін оқыту: студенттер не істейді» - 2017 ж.
- [19] Watkins Ch., Carnell E., Lodge C., Wagner P., Whalley C. Effective Learning. Research Matters series Chapter: Effective Learning Publisher: University of London Institute of Education. № 17. p 1-8.

- [20] Paulo F. Publisher's Foreword in Freire, Paulo (2010). *Pedagogy of the Oppressed*. New York: Continuum, p. 9
- [21] Киллен Р. (2018). Тиімді оқыту стратегиялары. Зерттеулер мен тәжірибеге негізделген оқыту. Social Science Press баспасы. Австралия.
- [22] Шуэлл Т.Дж. (2016). Когнитивные концепции обучения. Обзор образовательных исследований, 56, 411-436.
- [23] Project on Improvement of Local Administration in Cambodia PILAC Ministry of Interior and Japan International Cooperation Agency Manual on Training Planning.
- [24] Уиггинс Дж. және МакТай Дж. Дизайн арқылы түсіну. 2-басылым. Александрия, VA: Оку жоспарларын бақылау және әзірлеу қауымдастығы. 2015.

*References:*

- [1] Arsenteva M. V. Psihologicheskie faktory uspehnogo obucheniya studentov v vuze // *Izvestiya TulGU. Tehnicheskie nauki*. 2017. №11-2.
- [2] «Мектепке дежингі тарбие мен оқытуды, bastaуysh, negizgi orta zhane zhalpy orta bilimnin zhalpy bilim beretin oku bagdarlamalaryn, tehnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen kejingi, kosymsha bilimnin bilim beru bagdarlamalaryn zhane arnaji oku bagdarlamalaryn iske asyratyn bilim beru ujymdarynda zhmys isteitin pedagogterdi zhane bilim zhane gylm salasyndagy baska da azamatyk kyzmetshilderdi attestatandan otkizu kagidalary men sharttaryn bekitu turaly» erezhe. Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministrinin 2021 zhylgy 12 karashadagy № 561 bujrygy.
- [3] Fejzuldaeva S.R. Zhogary ogu ornynnda panaralyk sabaktastykty zhuzege asyru arkyly bastaуysh mektep mugalimin kasibi dayarlau. *Filos. dokt (PhD) dis.* – Taldykorgan, 2019. -163 b.
- [4] Ospanbekova M.N. Bolashak bastaуysh synyp mugalimderin innovatsiyalyk tehnologiyalar negizinde okushylardyn refleksiya syn damytuga dayarlau. *Filos. dokt (PhD) dis.* – Almaty, 2018. -192 b.
- [5] Zhanadilova K.B. Bolashak bastaуysh synyp mugalimderinin metakuryrettiligin damyту. *Filos. dokt (PhD) dis.* – Almaty, 2022. -169 b.
- [6] Ahataeva U.B. Bolashak mamandardy bastaуysh synyp okushylarynyn zertteushilik isareketin damytuga dayarlau. *Filos. dokt (PhD) dis.* – Almaty, 2021. -173 b.
- [7] Kozhamkulova N.S. Bolashak bastaуysh synyp mugalimderinin IT arkyly intellektualdy aleuetin kalypastyru. *Filos. dokt (PhD) dis.* – Almaty, 2021. -166 b.
- [8] Zhiyasheva Zh.Sh. Bolashak bastaуysh synyp mugalimderin okushylardyn akparattyk bilim ortasyn zhobalaua dayarlau. *Filos. dokt (PhD) dis.* – Almaty, 2021. -165 b.
- [9] Kenzhetaeva R.O. Professionalnaya podgotovka budushih pedagogov k kriterialnomu ocenivaniyu uchebnyh dostizhenij uchashihnya nachalnyh klassov. *Filos. dokt (PhD) dis.* – Almaty, 2021. -164 b.
- [10] Agranovich E.N. Samoorganizatsiya uchebnoj deyatel'nosti studentov na osnove tehnologii «tajm-menedzhment». *Filos. dokt (PhD) dis.* – Almaty, 2020. -212 b.
- [11] Orazov Sh.B. Razvitie delovyh kachestv uchashihnya na urokah fizicheskoy kultury.- *Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya ...*, 2018
- [12] Koenmiller A.S., Merrill M., Shamatov D. Tiimdi okyту strategiyalary: kyskasha sholu. *Pedagogikalyk dialog zhurnaly. №1.(23).* - Astana. 2018.
- [13] De la Sablonner, Tejlор R., Sadikova D.M., 2019. Problemy primeneniya obucheniya, orientirovannogo na uchashihnya, v kontekste sistemy obrazovaniya Kyrgyzstana. *International Journal of Educational Development*. (Otinim berilgen kuni: 12 kantar 2023 zhyl).
- [14] Silova I. *Globalization on the Margins Education and Postsocialist*. 2011.
- [15] Gonsales N. Okytuga arnalgan materialdar kory: Yj men synyp bolmelerin bajlanystyru yuhin sapalyk tasildi koldanu. *Tazhiribe zhuzindegi teoriya*, 2014. №31(1), 132–141.
- [16] URL: [https://professional\\_education.academic.ru/](https://professional_education.academic.ru/) (otinim berilgen kuni: 12 kantar 2023 zhyl).
- [17] Bouen, Rajan S. Ponimanie s pomoshyu dizajna. *Centr obucheniya Universiteta Vanderbilta*. Polucheno 2 fevralya 2020 g.
- [18] Biggs Dzh., Tan K. «Universitette sapaly bilim alu ushin okyту: studentter ne istejudi» - 2017 zh.
- [19] Watkins Ch., Carnell E., Lodge C., Wagner P., Whalley C. *Effective Learning. Research Matters series Chapter: Effective Learning* Publisher: University of London Institute of Education. № 17. p 1-8.
- [20] Paulo F. Publisher's Foreword in Freire, Paulo (2010). *Pedagogy of the Oppressed*. New York: Continuum, p. 9
- [21] Killen R. (2018). Tiimdi okyту strategiyalary. Zertteuler men tazhiribege negizdelgen okyту. Social Science Press baspasy. Avstraliya.
- [22] Shuell T.Dzh. (2016). Kognitivnye koncepcii obucheniya. *Obzor obrazovatelnyh issledovaniy*, 56, 411-436.
- [23] Project on Improvement of Local Administration in Cambodia PILAC Ministry of Interior and Japan International Cooperation Agency Manual on Training Planning.
- [24] Uiggins Dzh. zhane MakTaj Dzh. Dizajn arkyly tusinu. 2-basylym. Aleksandriya, VA: Oku zhosparlaryn bakylau zhane azirleу kauymdastygy. 2015.